

Сындарлы туынды

Ұлт тарихын бейнебір ұшан-теңізге баласақ, оған нәр жеткізіп тұратын корек көздерінің болуы заңдылық ретінде айқындала түспек. Осындай негізгі арналарының біріне түрлі мамандық иелерінің қаламынан шыққан дүниелерді жатқыза аламыз. Толыққанды қолға алына қоймаған тарихи тақырыптар мен тұлғаларды зерделеу ісінде бұлардың маңызы қашанда ерекше болмақ.

Тарихқа байланысты жұмыстар жазу үдерісінде тек архивтік материалдарға сүйену керек деген ұғымның бары жасырын емес. Бұл, әрине, сыңаржақ көзқарас. Өйткені, қай кезеңді алсаңыз да архивтік материалдардың оқиғалар егжей-тегжейін немесе адамдардың өмір жолын толық қамти алмағанын байқайсыз. Оның объективті және субъективті себептері өз алдына бөлек әңгіме. Кез-келген еңбектің ғылыми құндылығын арттыру үшін оны ауыз әдебиеті мұралары, шежірелер, ұрпақ жадындағы деректермен толықтыру қажет. Сөйткенде ғана көпшіліктің көңілінен шығатын орнықты да салмақты басылым өмірге келетіні сөзсіз.

Жақында қолымызға тиген ел сыйлаған азамат Ердаулет Құрманбайұлының (1938-2005) артында қалдырған мұрасы негізінде құрастырылған «Туған өлке – тұнған шежіре» атты кітапты осы санатқа жатқызуға әбден болады. Е. Құрманбайұлы – Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылының тумасы. Бұл киелі топырақтан еліміздің қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлес қосқан билер: Құба, Жәрімбет, Сәдір, Бекіш, Өтеп, Қараша, Қошпан; батырлар: Бәйтiк, Тоғанас, Қалам; болыс Қара Жүргенов, Айқожа ишан, Шаймағанбет ахун, Асан молда, Әзілкеш жырау, мемлекет және қоғам қайраткерлері: Т. Жүргенов, Қ. Бабағұлов, Ө. Серікбаев, Ұ. Еспанов; ақын-жазушылар: Ә. Оңалбаев, Қ. Сүйенiш, М. Әміреұлы, Т. Дайрабай сынды тұғырлы тұлғалар көптеп шыққан.

Бұрынғылардан қалған «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген сөз баршамызға аян. Ердаулеттің әкесі Құрманбай билік дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан аузы дуалы Құба бидің ұрпағы – «Еңбекші» ұжымының (Мақпалкөл ауылының) негізін қалаушылардың бірі, аталы сөз айтқан ақсақал, ғибратты абыз. Анасы Айшагүл – дүлдүл ақын Дүр Оңғардың ет жақын туысы.

Халқымызда «Үйдің жақсы болуы ағашынан, баланың жақсы болуы нағашыдан» деген даналық сөз бар. Туған топырақ, атаның қаны, ананың сүтімен дарып, сүйекке біткен асыл қасиеттер Ерекеңнің бойынан жастайынан көрініс бере бастайды. Мектепте оқу озаты болған ол Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетінің де үздік түлегі атанады. Туған ауылындағы үш жылға созылған мұғалімдік кезеңнен соң біліктілігі шыңдалған креативті маман Алматы медицина институтына түседі. Аталған жоғары оқу орнын бітіріп, өмірінің соңғы күндеріне дейін дәрігерлік қызметте болып, осы жолда әрдайым абырой биігінен көрінуі, кейінгілерге үлгі-өнеге бола бермек. Жоғары білікті терапевтің шипалы қолы,

жылы сөзі, сауатты ем-домының арқасында талайлардың дертінен жазылып кеткені ел-халықтың есінде ұмытылмақ та емес.

Жастайынан ауылындағы көнекөз қариялардың естеліктерін, алмағайып замандардағы оқиғалар мән-жайын, шежірелер мен ескі әңгімелерді құлағына сіңіріп өскен Е. Құрманбайұлы қызметте жүрген шағында да осынау дүниелерді халықтың игілігі үшін жарыққа шығаруды ойлап, жинастыра береді. Бірақ, қарбалас тірлік пен сұм ажал оны ел ағасы болған шағында ортамыздан алып кетті.

Шүкір, санаткер тұлғаның мұралары іздеусіз қалған жоқ. Мұраттас інісі, тарихшы-ғалым Сәкен Серікбаев бұл материалдарды екшеу, саралау арқылы баспадан шығарып, халыққа тарту етті. Осы орайда, қажырлы әріптесімізге төккен терінің сауабын көре бергей дегіміз келеді.

Кітапты оқып шығу Е. Құрманбайұлының табиғи дарындылығы мен шығармашылық қабілеті туралы бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Біріншіден, ол түрлі дерек көздері арқылы ел басынан өткен оқиғаларды сабақтастыра зерделеп, объективті суреттеген, олардың себептері туралы негізделген тұжырымдар жасай білген тарих зерттеушісі. XVII ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының қайраткерлері туралы көпшілікке бұрыннан таныс әңгімелерді өз дәйектерімен толықтыра баяндайды. Мәтінмен танысқан оқырманның елім-жерім деп өмірден өткен Келменбет Келдібайұлы, Арыстанбек Айбасұлы, Құба Өтебайұлы, Үбіс Жанайұлы, Бекіш Сәдірұлы, Зарқұм Қуанышұлы, Басар Бодашұлы сынды тұлғалардың елі үшін еткен ерен еңбектеріне, жанқиярлық ерліктеріне қаныға түсетіні талассыз. Небір талайлы кезеңдер мен алмағайып замандарда ұлттық рухымыздың өміршеңдігін жоғалтпауы, осындай саңлақтарымыздың арқасы.

Е. Құрманбайұлының шығармашылығында 1920-1930 жылдарда ел басына түскен нәубет-зобалаң үлкен орын алады. 1928 жылдан басталған күштеп ұжымдастыру саясаты, байлардың малын тәркілеу және жосықсыз жиналған ет және астық салығы халықты әбден діңкелетеді. Наразы болғандарға қолданылған ең жеңіл шара жер аудару болса, науқан барысында көптеген қандастарымыздың тап жауы ретінде көзі жойылғаны да белгілі. Осынау дүрбелең жылдар тынысын автор көзі көргендердің естеліктеріне сүйене әрі нақты мысалдар негізінде шеберлікпен жеткізе біледі. Аталған уақытта үкіметтің саясатын жүргізу үшін әр ауылдан сайланған қызыл белсенділердің жұртқа көрсеткен қиянат-қорлығы мен зорлық-зомбылығы туралы да ашына жазады, оларға қатысты сөйлемдерінің әр жолынан ызғар лебі ұрып тұрғанын сезінесің. Жалпы айтқанда, тарихымызда орын алған «Шолақ белсенді» феномені өзінің жете зерттелуін әлі күтіп жатқан тақырып.

Сыр бойында 1930 жылы орын алған кеңестік әкімшілдік-әміршілдік жүйеге қарсы Қызылқұм және Қарақұм көтерілістеріне кітапта ерекше назар аударылады.

Қызылқұм көтерілісін халықтың барлық әлеуметтік топтары қолдаған Ақмырза Төсұлы басқарды. Кітапта көтерілістің шығу себептеріне қатысты

байыпты байламдар жасалып, Ақмырзаның қаза табуының жай-жапсары және ерлігімен көзге түскен көтерілісшілер туралы жаңа деректер ортаға салынады. Бұл қатарда көтеріліс басшысының қасында болған Төлеген, Әжікерей мергендердің өмір және күрес жолына байланысты тың мәліметтерді атар едік. Жазалаушылармен өткен шайқастарда екі мерген де айрықша көзге түседі. Көтерілісшілер жеңіліс тапқан кезде (1930 жылғы 26 наурызда) Әжікерей соңғы демі таусылғанша Ақмырзаны қорғаса керек. Қоршаудан сытылып шыққан Төлеген Жекебатыров Қызылқұмды паналап, ізіне түскендерге көпке дейін ұстата қоймапты. Ақырында оны матап берген түрмеден уақытша босатылған өз ағайындары (көтеріліске қатысы жоқ) екен, билік бұларды «мергенді ұстауға көмектессендер қамақтан түпкілікті босатамыз» деп сендіріпті-міс. Ең сорақысы сол, кеңестік жазалаушы органдар мергенмен қоса әлгілердің де көзін жояды.

Қарақұм көтерілісі 1930 жылы сәуір айында басталып, оған Ж. Бәйімбетов, П.Лаубаев, Досжан мен Қосжан Қараевтар басшылық етеді. Қызыл отрядтар мен көтерілісшілер арасында 7 сәуірде қанды шайқас болғаны, 13 сәуірде үкіметтік комиссия көтерілісшілерді қаруын тапсыруға көндіргені, бірақ билік уәдесінде тұрмай, келіссөзге қатысқандарды, 15 шілдеде түгелдей ату жазасына кескені жөнінде азды-көпті жазылып жүр. Тамыз айында Қарақұмдағы халықтың Қ. Жұбановтың басшылығымен күресін жалғастырғаны да белгілі. Е. Құрманбайұлы 1930 жылғы 8 желтоқсанда Көжебай сайында талқандалған көтерілісшілер арасынан қолға түскендердің 175-інің Қызылорда қаласының маңындағы «Бірқазан» деген жерде атылғанын көрген кісілер бар екеніне тоқталады. Сонымен қатар автор аман қалған көтерілісшілердің бірқатарының (аты-жөндерін келтіре отыра) 1945 жылға дейін Қарақұмды паналағанын тілге тиек етеді.

Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, т.б. өңірлерді қамтыған бұл көтерілістер – бірнеше жүз жылдық тарихы бар Ұлт-азаттық қозғалысы жылнамасының алтын әріппен жазылған беттері. 1986 жылғы 17-19 желтоқсанға дейін Қазақстанда бұндай ауқымды қарсылықтар болған емес. 2015 жылы – ұлттық рухымыздың биіктігін дәлелдеген Қызылқұм және Қарақұм көтерілістеріне 85 жыл толады. Демек, атаулы датаны лайықты атап өту және ұрпақ болашағы үшін жанын қиған тұлғалардың әруақтары алдында бас ию отаным деп жүрегі соғатын әрбір азаматтың парызы болмақ.

Кітаптағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа байланысты мазмұнды материалдар, қорытындылар мен тұжырымдар ғылым үшін өте маңызды. Автор барлық малды коммуна меншігіне айналдырудың, азын-аулақ астықтың түгін қалдырмай тартып алып, батыстағы индустриаландырылатын қалалар мұқтажына жұмсаудың салдары елді қатты күйзеліске ұшыратқанын негіздеуде түрлі ақпарат көздеріндегі жарияланымдар және көзі көргендердің естеліктерін үйлесімді пайдаланады. Аштық кезеңінде ет пен наннан қол үзген ауыл адамдары жан бағу үшін амалсыздан дәстүрден тыс жабайы жан-жануарлар мен өсімдік әлемінің ризықтарымен қоректенген. Оларды саралау арқылы сегіз топқа біріктіріп,

көпшілікке тұңғыш ұсынғандардың бірі Е. Құрманбайұлы десек қателеспейміз.

Тұрар Рысұловтың орталық билікке жазған бір хатында: «...1929 жылғы 40 млн малдан 1932 жылдың басында 5 млн 397 мың бас мал қалғаны, яғни мал басының 85,5 пайызға қысқарғаны мәлім болды...» дегені халықтың халінің мүшкіл, жағдайының апатты болғанын көрсетеді. Қазақстанның қай түкпірінде болмасын дәстүрлі күн көрісінен айрылғандар босқынға айналды. Халық тағдырын эксперимент алаңындағы ойыншыққа айналдырған үкімет көмек көрсетуге асыға қойған жоқ. Кейінгі деректер бойынша ашаршылық тауқыметінен 2 млн 300 мыңдай адам көз жұмғаны анықталып отыр (халқымыздың тең жарымына жете қабыл көрсеткіш). Олардың көбін сол кезде әлжуаз, қорғансыз болған сәбилер мен жас өскіндер құрады. Қай қоғамның да ертеңі жас ұрпақ екені қандай рас болса, қолдан жасалған нәубеттің мемлекетіміздің адами капиталына орасан зор соққы бергені де сондай бұлжымас ақиқат. Егер де миллиондаған қандастарымыз тірі болғанда, олар әрбір келесі буын сайын мультипликативті түрде ұрпақ беріп отырар еді. Елімізді әлемдік қауымдастыққа паш ететін қаншама қайраткерлер, ғалымдар, ақын-жазушылар, еңбек майталмандары, өнер мен спорт санлақтары өмірге келмей кетті. Осыған жүрегі сыздаған Е. Құрманбайұлы: «1928-1931 жылдардағы оқиғалардың бірде-біреуіне кезінде мән берілмеді, қалың бұхарадан жасырды. Тек қана асыра сілтеу деген сөзбен Сталин мен Голощекиннің зұлымдық саясатынан көреді. Сол кездегі ел басқарған кісілердің жанкешті қарсылығы, ерлігі, тіптен құрбандыққа дейін баруы көрінбейді. Халық әбіржіп жатқанда үкімет басында отырған жүздеген оқыған, ысылған кісілер неге жасырынды? Қашан оларға баға беріледі?...» деп, қоғамға сауал тастайды. Бұған біздің алып-қосарымыз шамалы.

Е. Құрманбайұлының екінші қырын біз өзінің туып-өскен өңірін барынша зерттеген өлкетанушы деп анықтадық. Расында, әрбір азамат алдымен өз елі мен жері туралы білуі тиіс, содан кейін барып қана өзге өңірлер мен елдер туралы танымын молайта бермек.

Ол туған өлкесінің тарихын кезең-кезеңге бөліп зерттейді (бұның нағыз зерделі тұлғаларға тән қасиет екенін айта кетуіміз қажет):

Біріншісі, кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске қатысу;

Екіншісі, 1928-1933 жылдардағы астық және ет дайындау науқаны, күштеп ұжымдастыру, аштық, босқындыққа ұшырау;

Үшіншісі, 1934-1940 жылдары отырықшылыққа бейімделіп, ұжымдық шаруашылықты табысқа жеткізу, еңбек және білім майданында күресу;

Төртіншісі, 1941-1945 жылдар соғыс мүддесіне қызмет ету; 1946-1950 жылдар соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалыпқа келтіру;

Бесіншісі, жоспарлы даму жылдары.

Ұстыны берік, ұстанымы мықты азамат жастардың туған өлкесін тану ісіне салғырт қарайтынына қынжылысын жасырмайды және олармен ауыл тарихы мен топонимдеріне байланысты өз ізденістерінің нәтижесімен бөлісуді қасиетті парызына балайды. Сол себептен Мақпалкөл ауылының қалыптасу мен өсу кезеңдері, оның аумағындағы жер, елді мекен, тоғай, көл,

жарма, арық, шаруашылық атаулары тарихы және алғашқы тұрғындары, басшылары, бас мамандары, бригадирлері, еңбеккерлері туралы жан-жақты сөз қозғайды. Мысал ретінде ауылда тұрған мектеп жасындағы балалардың 1934 жылғы тізімін келтіргенін, осылардың ішінен Өмірзақ, Кәрібоз, Дәнеш деген балалардың 1945-1946 оқу жылында Жалағаш қыстағындағы Сталин орта мектебін бітіріп, 1946-1950 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында оқығанын тәптіштеп жазғанын айтсақ та жеткілікті.

Е. Құрманбайұлы – ауылдастарының шежіресін, әлеуметтік құрамын, орналасуын, тұрмыс-тіршілігін, материалдық әрі рухани мәдениетін зерттеген этнограф. Бұл оның шығармашылығының үшінші қыры.

Кітапта қазақтың байырғы салт-дәстүрлерін, отбасы тәрбиесін, неке салт-санасын, әулет, жеті ата, ру, тайпа шежіресін білудің маңызы туралы ой-тұжырымдар ұсынылады. Сондай-ақ, көшпелі мал шаруашылығының өріс-қоныстары (қыстау, көктеу, жайлау, күзеу), ауыл, отау, орда, киіз үй сынды ұғымдар, олардың ішіндегі жасау-жиһаздар тізбесі таныстырылады. Көшпелі тұрмыстан туындаған ерлер киімдеріндегі ерекшеліктер, құдық шегендеу тәжірибесі т.б. тұрмыстық (от тұтату, қазан асу, сабын жасау, аң аулау...) мәселелер де назардан тыс қалмайды. Айтылғандарды екінің бірі біле бермеуі де мүмкін.

Кітаптағы тағы бір назар аударарлық тақырып – қазақ қоғамының дәстүрлі тағамдары. Мал сүйегі пен қауын шопағынан асқатық, май алу жолдары және қой, сиыр, түйе сүтінен құрт қайнату, ірімшік дайындау мен сақтау технологиялары, олардың сапалық ерекшеліктері тыңғылықты талданады. Астық тапшы жылдары ауылдың негізгі қорегі қауын қақ, қауын құрт болғанына арамыздағы аға буын куә. Кезінде қауын өнімдерін дайындау процесін жұрттың барлығы дерлік білсе, бүгінгі күнгі жағдай тіптен бөлек. Қауын қақ, қауын құрт базарларда арақідік қана кездесіп қалады. Болашақта ұлтымыздың қажетіне жараған тағамдарға патент алып, тұтынуды қайта жандандырам деген кәсіпкерлер шығып жатса құба құп. Осы кәсіпке бет бұрғандар үшін Е.Құрманбайұлының кітабы пайдалы кеңестер қазынасы.

Ұлт жанашыры Е. Құрманбайұлының артына қалдырған рухани өсиеті іспетті сындарлы туындының жас ұрпақтың ой-өрісін дамытуда, отансүйгіштік сезімі мен тарихи санасын қалыптастыруда маңызы зор. Өйткені, салауатты да саналы ұрпақ тәрбиелеу – «Мәңгілік Ел» бағдарын ұстанған мемлекетіміздің ең басты міндеттері қатарында.

Қали Омаров, ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі